

2. Urbanovská E. Occupational teacher's stressors and burn-out syndrome / E. Urbanovská // School and Health. – 2011. – Vol. 21. – P. 303-316.
3. Barutçu E. Burnout Syndrome of Teachers: An Empirical Study in Denizli in Turkey / E. Barutçu, C. Serinkan // Procedia-Social and Behavioral Sciences. – 2013. – Vol. 89. – P. 318-322.
4. Van Dierendonck D. Towards a process model of burnout: results from a secondary analysis / D. Van Dierendonck, W.B. Schaufeli, B.P. Buunk, // European Journal of Work and Organizational Psychology. – 2001. – Vol. 10(1). – P. 41-52.

Ұ.Б. Төлешова, Ө.Д. Сандықбаева, А.Е. Үсенбекова
(Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.)

ТЫҢДАУШЫЛАРДЫҢ РЕФЛЕКСИЯСЫН ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тыңдаушылардың педагогикалық рефлексиясын интерактивті оқыту технологиясы арқылы қалыптастыру мәселесі қазіргі замандағы педагогиканың өзектілігін зерттеудің ғылыми бағыты болып табылады. Инновацияларды басқару мәселелері бойынша Қазақстандық және шетелдік ғалымдар жан-жақты ғылыми зерделеу жүргізген. Ғалымдар инновацияларды басқарудың жан-жақты салалары бойынша әр-түрлі тұжырымдар қалыптастырған.

Рефлексия терминінің латын тілінен аудармалары: «reflekto» - кері бұру; «refleksys» - кері қозғалу, кері бұрылу; «refleksio» - кері қарау. Сонымен қатар латын тілінде «animum reflektare» - көңіл бөлу, еске түсіру, ойлау дегенді білдіреді. Рефлексия – субъектінің өзіндік ішкі психикалық күйін тану үдерісі дегенді білдіреді.

Гегель адамның өзін танып білу функцияларымен байланыста болатын рефлексияның екі түрін бөліп көрсетті. Бірінші деңгей – рефлексияда пайдаланылатын құралдар талпыныс тудыра ма, талпыныс қанағаттандырыла ма, сонымен бірге бұл талпыныстарды қанағаттандыру үшін олар өте маңызды болып табыла ма? деген сұрақтарға жауап берумен сипатталса, екінші деңгей – рефлексияда әр түрлі талпыныстардың мақсаттары басты мақсатпен салыстырылады және олардың қанағаттандырылуы басты мақсатқа жетумен сәйкес келе ме?, - деген сұрақтарға жауап берумен сипатталады. Гегель еңбегінде сұрақтарға жауап шешім қабылдаудың негізі деп бөліп көрсетіп, рефлексия үдерісі «төменгі қабілеттіліктен оның жоғары деңгейіне ауысу ниетінен басталады», - деп түсіндіреді. Сонымен қатар, рефлексия басқа адамдармен әрекет үдерісіндегі өзара әрекеттестік және қарым-қатынас барысындағы өзін-өзі тану құралы ретінде қарастырылады.

Философиядан психология бөлініп шыққаннан кейін «рефлексия» ұғымы XX басында С.Л. Рубенштейннің ойлау мен сананы зерттеуге бағытталған жұмыстарында, Л.С.Выготскийдің тұлғаны, А.А. Бодолевтің қарым-қатынасты зерттеу жұмыстарында қолданыла бастады.

С.Л. Рубенштейн: «рефлексия – өмірден және қоршаған ортадан алған әсерлерінен өзін бөліп алып, оның санада пайда болуы», - деп көрсетті.

Л.С. Выготский психикалық дамудағы рефлексияның рөлін қарастыра отырып, «рефлексияның негізгі қызметі – өзіндік әрекеттердің санада болуы» деген түсініктеме берген. В.В. Давыдов, Г.П. Щедровский, В.И. Слободчиков, А.З. Зак және басқалар адамның өзін-өзі тануға, түсінуге, зерттеуге тырысуы рефлексияға тән қасиеттер дейді.

И.Н. Семеновтың пікірінше адам санасының рефлексия феноменісіз еш мәні болмайды. Себебі кез келген күрделі жүйе дамиды, ерте ме кеш пе рефлексия феномені туындайтындай жағдайға жетеді, яғни, адам өз әрекетін ойында қорытып, оның барысын бақылап, реттеп, нәтижесіне баға бере отырып, өткен тәжірибеден қорытынды шығарады, алдағы әрекетін жоспарлайды.

К.Я. Вазинаның ойынша, рефлексия – бұл ішкі қарама-қайшылықтардың өзектілігін тауып, оларды шешу жолдарын көрсететін, өзінің тәжірибелік іс-әрекетін сезінуге бағытталған, адамның өзін-өзі тану қабілеті. Сонымен қатар, өзінің іс-әрекетін сезіну, жеткен жетістіктерін көріп, кеткен қателіктерін байқап, оларды түзету мүмкіндігіне ие болып, соның негізінде мәдени құндылықтарды тұтыну және жаңа құндылықтарды дүниеге әкелу құбылысы болып табылады.

А.И. Зимняя: «педагогикалық рефлексия деп педагогикалық іс-әрекетті келешек ұрпақтың тәрбиесі мен білім беруіне әлеуметтік жағынан жауапты тұлға болып табылатын субъект ретіндегі мұғалімнің кәсіби санасының сәйкестендірілуін айтады. Рефлексияға деген қажеттілік педагогтың өзінің кәсіби санасына байланысты болып келеді», - деп анықтайды. Рефлексия – өзін-өзі танудың,

түсінудің, тексерудің, бақылаудың, бағалаудың негізгі тәсілі, және ойлаудың қажетті құралы. Рефлексияны қалыптастыруда өзіндік бақылау, өзіндік бағалау, өзін-өзі реттеу бір-бірінен бөлінбейтін үрдістер болып табылады. Олай болса сабақта интерактивті әдістер арқылы тыңдаушылардың рефлексиясын қалыптастыруымыз керек.

А.3. Зак рефлексия ұғымын анықтауда зерттеулерді келесідей топтауды ұсынады:

- Адамның өзіндік санасын зерттеумен байланысты жұмыстар. Бұл зерттеу бағытында әр түрлі әрекеттегі өзіндік бақылау, бағалау, өзіндік сана аспектісіне қатысты материалдар жинақталады.
- Проблемалық міндеттерді шешу барысындағы шығармашылық ойлауға арналған жұмыстар. Бұл жерде рефлексия – субъектінің өзіндік ойлау үрдісін ұғыну ретінде түсіндіріледі.
- Кибернетикалық-элеуметтік-психологиялық тұрғыдағы зерттеулермен байланысты жұмыстар. Бұл жерде рефлексия – басқа адамдардың санасын, ойын тану қасиеті, басқа адамда болып жатқан жағдайларды түсініп, оны өзінің ішкі дүниесінен өткізе білу үрдісі ретінде анықталады. А.А. Бодалев, О.Г. Кукосян, И.А. Вишняков, Л.Н. Суетова еңбектерде өзі мен өзгелер туралы білімге адам дамуына ортаның белгілі ықпалы бар екендігі туралы идеялар нақтыланады. Өзін-өзі тану деңгейі ортаға кері әсер етуі мүмкін екендігі жөнінде де айтылады, яғни тұлға іс-әрекеттердің бағыт-бағдары мен табыстылығына әсер етеді.

Өзін-өзі тану тәсілдері	Мазмұны
1	2
Тұлғалық өзін-өзі сараптау	Тұлғаның жетістіктері мен сәтсіздіктерінің себеп-салдарлық байланысын ашуға көмекеседі. Өзін-өзі сараптаудың қай бағытта өрбуі тұлғаның өз бойында адамгершілік рухани қадір-қасиеттердің қаншалықты тереңдігі оның тұлғалық шығармашылық потенциалының дамуын, тұлғалық өсіп-жетілуін анықтайды. Осындай ішкі жан-дүниедегі жұмыс аналитикалық ойлау қабілетін дамытады, тұлғалық рольдік мінез-құлыққа дер кезінде түзету енгізуді қамтамасыз етеді.
Педагогикалық рефлексия	Тұлға саласының өз-өзіне қарайбағытталуы, оның өз бойына үңілуі, болашақ педагогтық қызметі туралы ұғымдарына ескеру. Бұл тұлғаның белгілі бір ситуация туралы пайда болған ұғымдарының бейнесінің көз алдына ойша келтіріп, соның арқасында өзі туралы ұғымды нақтылау қабілеті. Өзінің әрбір іс-әрекетін оның мақсатқасәйкестігі тұрғысынан саралай келе, ол өзін әркез түзеп отырады. Рефлексияның негізінде осындай үздіксіз өзін-өзі түзеу процесі жатыр.
Өзін-өзі бақылау	Оқу барысындағы белгілі бір ситуациядағы өз қалпын көз алдына елестетуге тырысуы. Өзін-өзі бақылаудың, болжаудың басты критерийі – адамгершілік-рухани құндылық бағдарын жан-жақты сараптау қабілеті мен осы негізде шешімдердің көптеген мүмкіндіктерін дайындау, сонымен қатар іс-әрекеттің алдағы мүмкін нәтижесін алдын-ала көру.
Өзін-өзі қабылдау	Бұл процесс кезінде нақты ситуацияға байланысты өзі және өз құлқының жекелеген бейнелері, қалыптасады.
Өзін-өзі қадағалау	түрлі ситуациялар кезінде өзін-өзі саналы немесе еріксіз түрде бақылау. Мұның арқасында белгілі бір айтарлықтай тұрақты өзінің “Мені” туралы ұғым қалыптасады.

Ғалымдардың еңбектерінде талдау жүргізу негізінде, «рефлексия» - кең ауқымды да, көп мағыналы ұғым деген тұжырым жасаймыз. Жалпы алғанда, рефлексия ұғымын төрт мағынада қарастыруға болады:

Бірінші топқа психологиялық анықтамалар жатады. Бұл жерде рефлексия – ойлану, өз ойларын талдау, өзінің психикалық күйін саралау, өз әрекетін талдауға деген бейімділік ретінде көрініс табады.

Екінші топқа логикалық-гносеологиялық анықтамалар жатады. Яғни, рефлексия – адам ойының қағидасы, өзіндік әрекеттердің алғышарттарын ұғыну, білімнің мазмұнын және оның танымдық әдістерін талдау ретінде қарастырылады.

Үшінші топқа элеуметтік-философиялық анықтамалар жатады. Рефлексия – өзіндік сананың маңызды элементі, оны дамыту факторы ретінде түсіндіріледі.

Төртінші топқа педагогикалық анықтамалар жатады. Педагогикалық анықтамаларда рефлексия – өзін-өзі танудың, түсінудің, тексерудің, бағалаудың негізгі тәсілі және ойлаудың қажетті құралы ретінде қарастырылады.

М. Орлов өзінің «Өзін-өзі тану және өзін-өзі тәрбиелеу» атты ғылыми еңбегінде моделдеу – бұл өзін-өзі танудың арнайы тәсілі. Мысалы, психологтың көмегіне сүйену, алайда, психологпен әңгіме жүргізуде, қарым-қатынас жасауға кез келген адам жете бермейді. Сондықтан өзіндік нәтижесін өңдеу жұмысын дербес жүргізуге болады. Моделдеу - жеке дара қасиеттердің бейнеленуі. Мұның қарапайым әдістері - өзін суреттеу, «Мен қазіргі шақта», «Мен болашақта», «Мен дос ретінде», «Мен студент» т.с.с. сурет өзіндік талдауды жеңілдетеді (мен қандаймын?, менде қандай қасиеттер басым?, мен нені қажет етемін?, мен не істей аламын?). Егер суретте белгілер айқын көрсетілген кезде, бұл тәсіл тиімді болады. Сондай-ақ, практика өзін-өзі тану процесін жеңілдетеді және өзіне басқа жағынан қарауға көмектеседі. «*Оқыту технологиясы*» ұғымы педагогикада және жеке әдістемеді әсіресе соңғы уақытта кең таралып отыр. Байқауымызша, бұл ұғымның педагогикада пайда болуы техногендік өркениеттің дамуымен байланысты және ХХ ғасырдың басындағы Еуропаның елдері мен АҚШ-та «технология» ұғымының өзі де, оған байланысты мәселелер де арнайы зерттеулерге арқау бола бастаған кезге жатады. ХХ ғасырларда педология шенберінде «педагогикалық технология» термині туындады. Осы кезеңде педагогикалық техника ұғымы да кеңінен қолданылады. «Педагогикалық технология» ұғымы рефлексология идеяларына негізделген.

«**Интерактив**» сөзі бізге ағылшын тілінің «interact» деген сөзінен келген. «Inter» - бұл «өзара», «act» - әрекет ету дегенді білдіреді. *Интерактивті сөзі* - өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен (адаммен) не болмаса әлде немен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу режимінде болады. Демек, интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен, сұхбаттасып оқыту, оның барысында оқытушы мен оқушының өзара әрекет етуі жүзеге асырылады.

Интерактивті технологияның техникалық құрал-жабдықтарды қолданбай өту әдісіне жұптасып жұмыс істеу, ротациялық (ауыспалы) үштік, карусель – айналмақ, шағын топтармен жұмыс, аквариум, аяқталмаған сөйлем, миға шабуыл (мозговой штурм), броундық қозғалыс, есептеу ағашы, өз атынан сот, азаматтық тыңдау, ролдік (іскерлік) ойын, сығымдау әдісі, өз позицияңды ұстан, дискуссия, дебаттар т.б. жатады.

Қазіргі күннің білім беру салаларына қояр басты талабы – ақпараттандырылған жан-жақты, дүниетанымы кең, тәрбиелі әрі саналы шәкірт дайындап шығару болғандықтан, жоғарғы оқу орны оқытушы-профессорлары алдына үлкен жауапкершілік жүктеледі. Соған байланысты тыңдаушыларға ақпараттық білім негіздерін негіздеу, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу іс-әрекетін жүзеге асыру болып отыр. Осы орайда педагогикалық еңбектің тиімділігін арттыруға, тыңдаушылардың білім-білік, дағды сапаларының жақсаруына септігін тигізетін ақпараттық технологияның бір түрі – интерактивті технология.

Интерактивті оқытудың басты мақсатының өзі сол - білім алушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға уйрету.

Интерактивті әдістеме өзара қарым-қатынастың мол ауқымын қамтиды. Мұнда балалардың бұған дейін алған өмірлік тәжірибелері білім берудің негізгі көзі болып табылады. Бұл әдісте білім алушы мыналармен қарым-қатынасқа түседі:

- мұғаліммен (сұраққа жауап берген кезде);
- өзге балалармен (қосақталып жұмыс істеген кезде);
- шағын топтармен (топпен жұмыс істеген кезде);
- белгілі бір топпен, аудиториямен (сауалнама алғанда)
- кейбір техника түрлерімен (компьютермен интернетке шыққанда т.б.).

Интерактивті әдістің ерекшелігі – бала өзгелермен араласу барысында ашыла түседі, көбірек оқып, тәжірибе жинай білуі керек. Тәжірибе интеллектуалдық тәуелсіздіктің негізі болып табылады және барлық өркениетті азаматтың қажетті құралы десек те болады.

Интерактивті оқыту технологиясы – бұл коллективтік, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген процесс. Интерактивті әдістер арқылы тыңдаушылардың белсенділігін арттыра аламыз. **Белсенділік** (лат. Activus - әрекетшіл) - бұл психикалық көрініс, қарқынды немесе бір ерекше әрекет жасауда көрінетін адам мінезінің бір қыры. Ф. Энгельс айтуынша: «әрекетшілдік - тіршілік иесінің бәріне тән өз бетімен жауап қайтару қабілеті». Адамның белсенділігі өз қажетін қанағаттандыру үрдісі кезінде көрінеді. Сондықтан интерактивті әдістерді тиімді пайдалану арқылы тыңдаушылардың белсенділігін арттырып, рефлексиясын қалыптастыруға мүмкіндік бере аламыз.

Әдебиеттер

1. Биязева А.А. Рефлексивные процессы в сознании и деятельности учителя: дис. канд. психол.наук. – М., 1993. – 132 с.
2. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения. – Алматы.:ИП Волкова, 2009- 341 с.
3. Әлқожаева Н.С., Төлешова Ү.Б. Жоғары мектептің оқу үрдісінде педагогикалық технологияларды қолдану (оқу-әдістемелік құралы) // «Қазақ университеті» Алматы-2009 ж.

*Әлқожаева Н.С., Суғурбаев М.С
(Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.)*

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ

*Ежелден ер тірегі - ел тілегі
Адал ұл ер боп туса ел тірегі.
Бауыржан Момышұлы.*

Еліміздің қаһарман батыры, жазушы-тәлімгер Бауыржан Момышұлы 1910 жылдың 24 желтоқсанында Жамбыл облысы, Жуалы ауданындағы Көлбастау (Мыңбұлақ) ауылында дүниеге келген, 1982 жылы өмірден өтті.

Бауыржан атамыздың әкесі Момыш ескіше өз бетімен сауат ашқан, кирил алфавитін меңгерген, өз кезеңіндегі сауатты адамдар қатарында болған. Сауаттылығының арқасында, саудагерлер, ағаш ұсталары, етікшілер, зергерлігімен қарым-қатынас жасаған. Момыштың әкесі, Имаш деген кісі өзінің барлық шаруашылығын қартайған кезінде ұлы Момышқа табыстаған екен. Бауыржан атамыздың әжесі, Қызтумас деген елге силы, туыстар арасында «сары кемпір» деп атанып кеткен екен. Бауыржан Момышұлының 3 жасында анасы Рәзия дүниеден өтіп, осы Қызтумас әжесі тәрбиелеген.

Ол Тараздағы (Жамбыл) интернатына бастауыш мектептің табалдырығын аттаған, одан кейін 1924 жылы Шымкент қаласындағы жеті жылдық мектепте оқып, аса зеректігімен көзге түскен, өз қатарларымен салыстырғанда терең ойлап, ширақ әрекет еткен екен. Өзімен бірге сыныптастар жазушы, журналист болған. Мектепті бітірген соң шалғай жылдары бастауыш мектепте ауыл болып саналатын Бетпақдалада ұстаздық етеді. Біраз уақыт аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы ретінде қызмет атқарады, банкте экономист, аудандық милицияда 6 айдай жұмыс істеп, милиция бастығына дейін көтереледі.

Бауыржан Момышұлы туралы тағы бір дерек, ол Қазақ Педагогикалық институтына оқуға түскен, ол кезде институт директоры Тоқтыбаев, баланың қатты суықта жұқа киіммен жүргенін көрген соң, кабинетіне шақыртып, бухгалтерияға баруын және ол жерде оның ақша алып, ауылына қайтуын түсіндірген, осылайша әлеуметтік жағдайы бойынша оқудан кеткен.

Әскери қызметі жылдан басталады, осы жылы Қызыл Армия қатарына шақырылып, әскери борышын өтеген. Сонымен қатар, ол полк мектебін аяқтап алады. Осы уақыт аралығында, ол білімін жетілдіру мақсатында Санк-Петербурттағы (Ленинград) қаржы академиясынан курс тыңдаған.

Енді арнайы тоқталар болсақ, 1936 жылы Бауыржан Момышұлы Кеңес Армиясының қатарына шақырылып, қатардағы солдаттан гвардия полковнигі дәрежесіне дейін өскен.

Әскери округтың 315-ші атқыштар полкінің қолбасшысы, кейіннен ерекше Қызылтулы Қиыр Шығыс Армиясының бөліміне қосылып, рота қолбасшысы болған.

Ұлы Отан Соғысының алдында Бауыржан Момышұлы 105-ші атқыштар дивизиясы құрамындағы артиллериялық атқыштар бөлімшесіне қолбасшылық жасаған. Бірақ, 1941 жылдың қаңтар айында оны Алматыға қайтарады. Оның себептерін әртүрлі мәселелермен байланыстырады. Осы жылдың жазында ол жаңа құрылған 316-шы атқыштар дивизиясы штабына өзімізден және Қырғызстаннан сарбаз жинап, қайта жасақталған дивизияның 1073-ші атқыштар полкінің атқыштар батальонына қолбасшы болып тағайындалады.

Бауыржан Момышұлының әскери педагогика және психологиялық көзқарасына ықпал еткен тәжірибелерді төмендегі кесте арқылы сипаттадық.